

Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 2 сәуірдегі № 236 қаулысы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабы 1-тармағы 5-1) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағы 2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, өтініш негізінде, Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне Рудный қаласы, Железородная станциясы мекенжайы бойында "Рудный қаласындағы Железородная станциясын газдандыру құрылысы" жобасы бойынша сыртқы газ құбырларының желілерін төсеу мақсатында көлемі 0,5699 га жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Рудный қаласының әкімі

В. Ионенко